

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі

Ұлттық Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы

«Қазақстан Республикасында мұғалімдерді  
әлеуметтік қорғау»: Қазақстан Республикасының  
заңы.

Орындаған: Қайназар П.Т  
Тобы: 504-қдс  
Қабылдаған: Серікбай С.С



# Жоспары:

Кіріспе

Негізгі бөлім

2.1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

МҮГЕДЕКТІК КӨРСЕТКІШТЕРДІ  
САРАПТАУ

Қорытынды  
Пайдаланылған әдебиеттер





# Кіріспе

Бүгінде әлем халқының 10%-ға жуығын мүгедектер құрайды. Анығырақ айтсақ, дүние жүзінде мүмкіндігі шектеулі 650 миллион адам бар.

Өкінішке орай, біздің елде де мүгедектер саны арта түскен. Республика бойынша 450 000, ал біздің облыста 100 мыңға жуық мүгедек бар. Соның ішінде 18 жасқа толмаған 15 мың бала есепке алынған. Бұл өзге елдермен салыстырғанда біршама жақсы көрсеткіш болғанымен, көңіл қуантарлық жай емес.

Шымкент қалалық №3 медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) бөлімінің бас маманы Парида Қожабаеваның сөзіне сүйенсек, облыста мүгедек балалардың көп болуының өз себептері де жоқ емес. Біріншіден, аймақта туу көрсеткіші өте жоғары, екіншіден, өзара жақын туыстар арасында некеге тұрушылар көп, үшіншіден, ата-аналар арасында созылмалы, туа бітті және генетикалық аурулардың деңгейі жоғары, экологиялық жағдайдың нашарлығы мен отбасылардағы әлеуметтік жағдай себеп болып отыр. Салдарынан облыста туылған әрбір үшінші сәби туа бітті мүгедек.

– Мүгедектік – медициналық және әлеуметтік проблема. Мүгедек ұғымы ересектер мен балаларда әрқалай түсіндіріледі. Яғни, ересектерде түрлі аурулар мен жарақат алу салдарынан еңбекке қабілеттілігі төмендесе, не жоғалса, балаларда оқыту мен тәрбиелеуге кедергі келтіретін шектеулер жатады. Бұл шектеулерге — бойының өспей қалуы, ақыл-есінің дамымауы, танымдық ойын-сауықтық әрекеттер жасай алмауы жатады, — дейді Парида Қожабаева.





Дегенмен, қазіргі медицина дамыған шақта түрлі туа бітті генетикалық ауруы бар балалардың миына, жұлынына, жүрегіне, дене буындарына ота жасауға болады. ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес, мүгедектік науқас адамның денсаулығына тұрақты түрде функционалдық ауытқулар мен кемшіліктер байқалған жағдайда ғана белгіленеді. Яғни, науқас мүгедектік топ алу үшін жергілікті жерде кем дегенде 4 айдан кем емес уақытта емдеу-оңалту шараларын алуы тиіс. Содан кейін ғана емдеу мекемесінің жолдамасымен медициналық-әлеуметтік сараптамаға келуі керек. Алайда, науқастардың басым көпшілігі осы талаптарды орындамай, өзіне мүгедектік топ белгіленуін талап етеді.

2005 жылдан бастап 16 жасқа дейінгі жасөспірімдерге «мүгедек бала», ал 16-18 жас аралығында «I-ші топтағы мүгедек-бала», «II-ші топтағы мүгедек-бала», «III-ші топтағы мүгедек-бала» санаты бойынша мүгедектік тағайындалады. Маманның берген мәліметіне сүйенсек, ОҚО бойынша мұндай санаттағы балалар саны 2000-нан асып жығылады.

Медициналық-әлеуметтік сараптаманың жұмысы мүгедектік топ белгілеумен ғана шектелмейді.

—





– Біздің маңызды міндет-теріміздің бірі-мүгедектердің әлеуметтік тұрғыда қорғалуы мен оңалту шараларының ойдағыдай жүзеге асуын қадағалау, – дейді бас маман. – Бүгінде әрбір мүмкіндігі шектеулі азамат пен мүгедек-балаларды оңалтудың жеке бағдарламасы түзілген. Айта кетейік, өңірімізде балалар санаториясы болмаған соң, балаларды емдеуге және сауықтыруға мүмкіндік болмай отыр.



Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты:

- 1) мүгедектіктің алдын алуға;
- 2) мүгедектерді әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға;
- 3) мүгедектердің қоғаммен етене араласуына бағытталған.

## Мүгедектерді әлеуметтік қорғау принциптері

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы мемлекеттік саясаты:

- 1) заңдылық, ізгілік, адам құқықтарының сақталуы;
- 2) әлеуметтік қорғауға кепілдік берілу, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалтуға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 3) мүгедектердің денсаулық сақтауға, білім алуға және қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға басқа адамдармен қатар қол жеткізуі мен тең құқылы болуы;
- 4) мемлекеттік органдардың мүгедектердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу принциптері негізінде жүргізіледі.

4-бап. Мүгедектердің құқықтары Қазақстан Республикасында мүгедектер: 1) әлеуметтік орғауға, соның ішінде оңалтуға, қоғамға етене раласуға; 2) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп-шығуын қамтамасыз етуге; 3) ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге; 4) білім алуға, қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға;

6) кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін орнына келтіруге және жұмысқа орналасуға; 7) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге; 8) мемлекеттік және өзге ұйымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге; 9) мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін қолдауға арналған құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие.

1. Қолданылу мерзімі өткен құжаттар және (немесе) құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған кезде медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуден бас тартылады.

2-2. Тұрмыс-тіршілік санаттарының біреуінің (өзіне өзі қызмет көрсетуге, жүріп-тұруға, еңбек қызметіне (еңбекке қабілеттілікке), оқып үйренуге, бағдарлай білуге, қарым-қатынас орнатуға, өзінің жүріс-тұрысын бақылауға, ойын қызметіне және ғылымдық қызметке, қозғалыс белсенділігіне қабілеті) шектелуіне себеп соқтыратын, организм функцияларының тұрақты бұзылуы болмаған жағдайларда, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қорытындылары бойынша мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі.

15-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау  
Мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік,  
айырымдылық көмекті, медициналық, әлеуметтік  
және кәсіптік оңалтуды, білім алуға қолжетімділікті  
және мүгедектердің қоғам өміріне басқа  
заматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер  
жасауға бағытталған өзге де шараларды ұсыну  
арқылы қамтамасыз етіледі. Ескерту. 15-бап жаңа  
редакцияда - ҚР 16.11.2015 № 403-V Заңымен  
алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін  
үлгісізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

15-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау  
Мүгедектерді әлеуметтік қорғау әлеуметтік,  
айырымдылық көмекті, медициналық, әлеуметтік  
және кәсіптік оңалтуды, білім алуға қолжетімділікті  
және мүгедектердің қоғам өміріне басқа  
заматтармен бірдей қатысуына мүмкіндіктер  
жасауға бағытталған өзге де шараларды ұсыну  
арқылы қамтамасыз етіледі. Ескерту. 15-бап жаңа  
редакцияда - ҚР 16.11.2015 № 403-V Заңымен  
алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін  
үлгісізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

5-1-бап. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік

мекемелерде тұратын психоневрологиялық аурулар  
тарындағы мүгедектерге және мүгедек балаларға  
әлеуметтік көмек

1. Мемлекеттік медициналық-  
әлеуметтік мекемелерде тұрып жатқан, сот шешімімен әрекетке  
абілетсіз және қорғаншылыққа мұқтаж деп танылған мүгедектердің  
(мұдан әрі – қорғаншылықтағылар) зейнетақы төлемдері және  
мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылары «Қазақстан Республикасында  
мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және  
асына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар  
туралы» және «Қазақстан  
еспубликасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан  
еспубликасының заңдарында көзделген тәртіппен есепке.



. Медициналық-әлеуметтік мекеменің  
кімшілігі қамқорлықтағылардың Зейнетақы  
өлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан  
өленетін зейнетақы төлемдерінің және  
мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларының  
айдаланылуы туралы есепті облыстың  
республикалық маңызы бар қаланың,  
стананың) жергілікті атқарушы органына  
оқсан сайын ұсынуға міндетті.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, стананың) жергілікті атқарушы органдары амқорлықтағылардың Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларын медициналық-әлеуметтік мекеме әкімшілігінің дұрыс ұмсауын бақылауды жүзеге асырады. Ескерту. 16-1-аппен толықтырылды - ҚР 2007.12.19. N 9 (01.01.2008 астап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 2015.12.2015 № 433-V (01.01.2016 астап қолданысқа енгізіледі)

## Мүгедектерді тұрғын үймен қамтамасыз ету

Кергілікті атқарушы органдар:

сепке алып, баспанасыз мүгедектерге үй береді

Мүгедектер мен отбасылық құрамында мүгедек бер жанұяға баспана  
еністігі жабдықтары мен арнайы құралдар мен жабдықтармен  
амтамасыз етеді

## Мүгедектерді жұмыспен қамту

Кергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды мына  
олмен қамтамасыз етеді:

ызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде

мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту

еке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы

мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру

онайы, сонымен қатар мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін

онайы жұмыс орындарын құру

мүгедектерді кәсіби оқыту ұйымдары

Мүгедектерді жұмыспен қамту үшін жергілікті атқарушы органдар (кішілік) жұмыс орындарының жалпы санына байланысты 3 айызыдық көлемде квота бөледі; жеке кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын бөледі, сонымен қатар Қазақстан республикасының заңдылығына сәйкес мүгедектерді жұмыспен қамту үшін жұмыс орындарын анықтап, мүгедектерге кәсіби білім беру қарастырылған.

Еңбек қарым-қатынасы тұрғысынан мүгедектердің хұқықтары заңмен қорғалынған. Еңбек келісім-шартынан бас тарту, басқа қызметке ауысу мүгедектердің өз келсімінсіз жүзеге аспайды, керсініше жағдайда, егер мүгедектің денсаулығына байланысты еңбекке жарамсыздық анықталғанын болса, жұмыстан босатылады.

Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы оларға әлеуметтік, медициналық және әлеуметтік, кәсіби жарамдылығын арттыру, білім беру сияқты мағыттағы қоғамдық өмірге оралтуға байланысты өткізілетін шаралармен жүзеге асады.

Сонымен бірге, еңбекке жарамсыз болған жағдайдағы міндетті жұмысқа баулау заңдары мен заңмен қарастырылған.

Жарақат алу, мертігу салдарынан болған әлсіздікті жою мағытында диагностикалық, емдеу және қалыпқа келтіру сияқты медициналық сауықтыру шаралар жүргізіледі.

Мүгедектерді әлеуметтік сауықтыру мүгедектердің әлеуметтік жағдайын, олардың әлеуметтік-тұрмыс және әлеуметтік-орталыққа баулау мақсатында жүргізіледі. Оған мүгедектерді әлеуметтік, техникалық көмек құралдарымен, көлік және рекреациялық шаралармен, ақпараттық ортамен қамтамасыз етілуін және материалдық, әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету кіреді.

Сонымен қатар, қосымша көмек қажет ететін мүгедектердің әлеуметтік қамтамасыз етілу жүйесіне республикада мед-әлеуметтік мекемелердің, әлеуметтік қорғаудағы территориялық орталықтардың және үйде жеке көмек көрсету сияқты мүмкіндіктері кіреді. Интернат-үйлерінде тұратын мүгедектер мен қарттарға медициналық, әлеуметтік-тәрбиелік жағынан, әлеуметтік адаптация, еңбекке жарамдылығын арттыру, білім беру сияқты көмектер көрсетіледі.

Республикамызда мүгедектер мен қарттарға әлеуметтік көмек көрсететін, медициналық, әлеуметтік және кәсіби даму, мүгедек-балаларға білім беру бағдарламасын жасау, моральды-психологиялық жағынан қолдау көрсету, олардың қажеттіліктері туралы ақпарат беретін 13 территориялық орталықтар бар.

Сонымен қатар, оларға сәйкес мүгедектер сауықтыру бағдарламаларына орай протез-ортопедтік көмекпен, қозғалуға байланысты әлеуметтік жабдықтармен, сурдо-аудиологикалық жабдықтармен және басқа да техникалық құралдармен, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен бөлінетін мемлекеттік тапсырыс бойынша сауықтыру-реабилитациялық ортаның жақсарту шараларымен қамтамасыз етіледі.

## Қорытынды бөлім

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы, ең бастысы балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз»-деген болатын. Жанұя ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан адам баласының әлеуметтік ортасы. Халықтың салт-дәстүрін әдет-ғұрыптарының сақтаушысы. Сондықтан жанұя тәрбиесі халықтың ой арманымен мол тәжірибесімен ұлттық дәстүрімен дамып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи мұра. Әрбір жанұяда балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ең бірінші ата-ана тәрбиесіне байланысты. Қай заманда, қайсы елде болса да жанұяның адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жанұя тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе, көргенді, ынтымақты, тату тәтті тұратын отбасында шаңырақ шатығы-негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұғымдарға негізделеді

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақпарова .Ж.Жанұяның негіздері//Ұлттағлымы,2004,№4.
2. Семия өміріндегі әдеп және психология.-А,1992.
3. Мұқанов. С.Жеке адамның қасиеттері.- А.1996.
4. Избасар. Б.Жеке тұлға.//Ұлағат,2002,№2.
5. [www.google.kz](http://www.google.kz) сайты